

ӘОЖ 26-784 (575.2)

А.Ш. Адилбаев

Дінтану кафедрасы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: adilalau72@mail.ru

Қырғызстан Республикасында христиандық: орыс православ шіркеуі қызметі және батыстық миссионерлік ұйымдардың шоқындыру саясаты

Бұл мақалада Қырғызстан Республикасындағы христиан дінінің жағдайы қарастырылады. Тақырып орыс православ шіркеуі мен батыстық миссионерлік ұйымдар шеңберінде ашылады. Алдымен христиан дінінің Орта Азия мен Қырғызстан территориясына таралу тарихы қысқаша баяндалады. Содан кейін орыс православ шіркеуінің аймаққа таралу тарихы мен кезеңдерінің ерекшеліктері қолға алынады әрі қазіргі таңдағы ОПШ-ның мемлекетпен өзара қарым-қатынасы, қоғамдағы орны мен қызметі талданады. Сонымен қатар протестанттық миссионерлік ұйымдардың қоғам бірлігі мен тұтастығына қатер төндіріп отырған шоқындыру саясаты жан-жақты талқыланады. Осы аталған екі бағыт негізінде қырғыз қоғамындағы христиандықтың рөлі айқындалады.

Түйін сөздер: христиандық, орыс православ шіркеуі, батыстық миссионерлік ұйымдар, миссионерлік, демократия, зайырлы қоғам.

A.Sh. Adilbayev

Christianity in the Kyrgyz Republic: the activities of the Russian Orthodox Church and baptism policy of Western missionary organizations

This article explores the role of Christianity in the Kyrgyz Republic. Describes the activities of the Russian Orthodox Church and the activities of Western Protestant missionary organizations.

Initially, given a brief history of missionary activity and the spread of Christianity in Central Asia and in the territory of Kyrgyzstan. Also disclosed is the history and characteristics of stages in the spread of the Russian Orthodox Church, describes the current state of relations between the Russian Orthodox Church and the state, its place and role in society.

Describes the activities of the new Protestant organizations baptism population, posing a threat to the unity and integrity of the state and society. According to the above areas we study definition and the role of Christianity in Kyrgyz society.

Key words: Christianity, Russian Orthodox Church, the Western Protestant organizations, missionary work, democracy.

А.Ш. Адилбаев

Христианство в Киргизской Республике: деятельность Русской православной церкви и политика крещения западных миссионерских организаций

В данной статье рассматривается роль христианства в Киргизской Республике. Раскрывается деятельность Русской православной церкви и деятельность западных протестантских миссионерских организаций. Изначально дается краткое изложение истории миссионерской деятельности и распространения христианства в Средней Азии и на территории Киргизии. Также раскрываются история и особенности этапов распространения Русской православной церкви, описывается современное состояние взаимоотношений Русской православной церкви с государством, о ее месте и роли в обществе. Рассматривается деятельность новых протестантских организаций по крещению населения, представляющая угрозу для единства и целостности общества и государства. Согласно вышперечисленным направлениям проводится изучение и определение роли христианства в киргизском обществе.

Ключевые слова: христианство, русская православная церковь, западные протестантские организации, миссионерство, демократия, светское общество.

Қырғызстанда ОПШ (Орыс православ шіркеуі) қызметі мен миссионерлік ұйымдарға кіріспес бұрын Орта Азия және Қырғызстан территориясына христиандықтың таралуына қысқаша тоқтала кету қажет. Орта Азияға христиандықтың келу тарихы 1-ғасырдағы апостолдардың саяхаттарына барып тіреледі. Шіркеу мәліметтері бойынша апостол Фомаға Үндістан аймағына христиандықты жаю жеребесі түскен еді. Индиялық саудагермен бірге Фома Мауараннахр және Хиуа территориялары арқылы Индияға жету үшін Иран арқылы Амударияға дейін барған. Осы жолда ол Қырғызстанның Ош және Өзген аймағын басып өткен делінеді.

Орта Азияға христиандықтың кең көлемде таралуы 4 ғасырдан басталды. Христиандық Орта Азияға парсы елінен келді. Парсы еліне христиандықты сириялықтар әкелген-ді. Парсыларға жау Рим императорларының христиандықты қабылдауы парсы елінде христиандардың қуғындалуына жол ашты. Осының нәтижесінде христиандардың бір бөлігі шығысқа көшті. Христиандықтың таралуына көбіне кезбе монахтар, уағызшылар, саудагерлер, қолөнершілер себеп болды. Осы ғасырда алғаш Мерв, Самарқанд, Винкерд және Невакет митрополиялары құрылды. Осы Мерв митрополиясы Орталық Азия шіркеуінің парсы православ митрополиясына қараған. 5 ғасырда парсы христиандарының несториандықты қабылдап Рим және Константинопольден алшақтауы парсы патшалары мен христиандардың жақындауына себеп болды. Қырғызстан аумағындағы Невакет қаласында невакеттік митрополия орналасты. Ол IX ғасырда өз құрамына Жетісу, Шығыс Түркістан мен Сібір христиандарын қосып алды. Бұл жерлерде де негізінен несториандардың ықпалы күшті еді. XI ғасырда Невакет митрополиясының ықпалы күшейе бастады. «Невакеттік және Қашқарлық» атағы бар митрополит миссионерлікке ерекше көңіл бөлді. Ал несториандар өз әрекеттерін мелькиттерге (православ) қарсы бағыттады. Беделді қарлұқ содан соң монғол-несториан басшылары православтарды қыспаққа алды. Несториандар саясатқа қатты араласуымен ерекшеленді. Олар жергілікті басшылыққа әйелдері арқылы ықпал жасап, өз шіркеулерін панасына алуға көндірді. Православтарды қуғындап, шіркеулерін тартып алды. Сонымен қатар несториандар мен монофизиттер православтарға қарсы одақ құрды.

Бірінші мыңжылдықтың басында Орта Азияда православ ретінде Антиохия патриархтығының қарауына өткен Хорезмдік епархия ғана қалды. Византия империясының әлсіреуі нәтижесінде шет аймақта қалып қойған осы епархия 13 ғасырдан бастап жойылды. Ал монофизиттер 14 ғасырға дейін өмір сүрді [25, 4-5 бб.].

XIV ғасырда несториандарға қарсы католиктердің насихаты басталды. Пекинде, Алмалық және Самарқандта католиктік епархиялар құрылды. Несториандардың біраз бөлігі Римдіктердің қауымдастықтарына кірігіп кейін «халдей шіркеуі» ретінде танылды. Сауда-саттық нәтижесінде Орта Азияға христиандықтың өзге бағыттары да тарала бастады. XIV ғасырдағы Орта Азияда Ислам мен буддизмнің үстемдік құруы нәтижесінде несториандықпен қатар өзге де христиандық бағыттардың іс-әрекеттері тоқтады. Христиан елдері мен арадағы байланыстың үзілуі нәтижесінде бірте-бірте христиандық жойылып кетті [27, 35-45 бб.].

ОПШ-ның Қырғыз еліне келуін мына үш кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1. Патшалық кезең (XIX ғ. 40-жылдарынан 1917 жылға дейін), 2. Кеңестік кезең (1917-1991 ж.), 3. Тәуелсіздіктен кейінгі жаңа кезең.

1. Патшалық кезең. Ресей патшалық кезеңі Орта Азия аймағында ОПШ-ның дамуында ең негізгі кезең болып саналады. Тарихи мәліметтер бойынша Қырғызстанға православие шіркеуі 1855 жылы Ыстықкөлдiк бұғу тайпасының Ресей империясы құрамына өз еркімен қосылуынан бастап келген. Православ мәдениеті XIX ғасырдың 50 жылдары Жетісу аймағына жасалған казак пикеттері құрамында пайда болған алғашқы шіркеулер төңірегінде қалыптаса бастады. Ал қырғыз жеріне 1863 жылдан бастап Ыстықкөлдiң оңтүстік жағалауында патша өкіметінің тұрақты әскери жасағы қалыптасты. 1867 жылы Жетісулық казак әскерлерінің станицасының құрылуымен казак қоныстары пайда болды. Олар осы аймақтарға өз әскери дін қызметкерлерімен бірге келді. Екінші кезекте ОПШ тағдыры қырғыз еліне 60-80 жылдары Ресейден көптеген шаруалардың қоныс аударуымен тікелей байланысты дамыды [25, 23-24 бб.]. Столыпіннің ауылшаруашылық реформасын жүзеге асыруынан кейін Қырғызстанға қоныс аударған православиені ұстанатын казак, украиндықтар мен орыстардың саны күрт көбейді.

Е.Н. Носованың дәйегі бойынша осы кезеңге қатысты тарихи құжаттар ол жердегі мұсылман халықтары арасында православ дін қызметкерлері жүргізген қарқынды миссионерлік саясат болған деген көзқарастарды растамайды. ОПШ көбіне ресей мәдениетін жаю мен сол аймақтағы православтарды сауаттандыру ісіне көңіл бөлген. Алайда алғашында аймақта православтық діни білім беру деңгейі өте төмен еді. Бұған бірінші кезекте мемлекет пен жергілікті биліктің дінге немқұрайлы қарауы, сонымен қатар шіркеулік-приходтық мектептердің техникалық-материалдық базасының төмендігі, екіншіден дінді оқытушы мұғалімдердің біліктілігінің төмендігі мен оқытқаны үшін ақы алмайтын мұғалімдердің үйретуге деген құлшынысының жоқтығы да әсер етті [24, 11-12 бб.].

Православтардың патшалық кезеңдегі діндер арасы байланыс жүйесіндегі позициясының әлсіздігіне әуелі православ тұрғындардың аздығы, екінші жақтан мемлекеттің халықтың негізгі бөлігін құрайтын мұсылмандардың мәселесіне байыпты түрде көңіл бөлуі әсер етті. Өйткені бұл жерде мұсылмандықтың ықпалы өте күшті болғандықтан, Ресей үкіметі халықтың наразылығын тудырып алуыдан қорықты [25, 14 б.]. Түркістандағы ПШ жағдайының қиындығы тек қана аймақтық және діндер арасы қатынасқа ғана қатысты емес, сонымен қатар жалпы мемлекеттік патша өкіметі басшылығы мен идеологиялық тоқырауына байланысты еді.

Қырғызстан Ресейге қосылғаннан кейін XIX-XX ғасырда патша өкіметі шіркеуді қадағалауында ұстап, бағынышты етіп отырды. Бұл өз кезегінде қоғамда шіркеудің беделінің төмендеуіне әкеліп соқты әрі Түркістан аймағының басшылығының ОПШ-ымен қатынасына да кері әсерін тигізді. Тарихи құжаттар Түркістан аймағында православтық шіркеудің басты рөл ойнамағанын көрсетеді.

Жалпы алғанда XX ғасыр басында Түркістан барлық Ресей империясындағыдай терең рухани тоқырауды бастан кешті. Ресейде секуляризация қарқынды жүріп жатты. Мемлекеттік, қоғамдық және отбасылық рухани құндылықтар әлсіреп, жаңа бір бос кеңістік қалыптасты. Сол бос кеңістікті Кеңес өкіметінің Құдай мен жоғарғы күштерді мойындамайтын, дін емес, алайда толығымен діни сипаттағы идеологиясы өте ұтымды толтыра білді [24, 12-13 бб.].

2. Кеңестік кезең (1917-1991). Православтық христиандардың саны 1921 жылғы Кеңестер

Одағында жүргізілген жаңа экономикалық саясат пен Поволжье, Украинада орын алған ашаршылық салдарынан көптеп қоныс аударуына байланысты күрт өсті. Қырғызстан 1936 жылға дейін Ресей Кеңестік федерациясы құрамына кіргендіктен Ресейден материалдық және кадрлық көмек алып тұрды. Осыған орай Қырғыз Автономиялық республикасына Кеңес Одағы республикаларынан украиндықтар, белорустар мен орыстар үздіксіз түрде келіп жатты [7, 95 б.].

Қазан төңкерісінен кейін атеистік идеологияны ту еткен кеңес өкіметі діннің кез келген түріне қарсы күресті. Бұдан Қырғызстандағы ОПШ да өз үлесін алды. XX ғасырдың 20-40 жылдары Кеңес Одағы, соның ішінде Қырғызстанда да «жаңа» атеист (совет) адамын қалыптастыру, қоғамда, жанұяда және білім беру саласында жаңа қатынастардың қалыптасу кезеңі еді. Бұл шара тек қана мемлекеттің күштеу саясаты емес, қоғамдағы ғылыми, оқу-ағарту, қоғамдық ұйымдар, бір ауыз сөзбен айтқанда барлық күштерді жұмылдырумен жүзеге асырылды. Қоғамның идеологиялық бағытында түбегейлі өзгерістер орын алды. Діни түсініктің орнына атеистік сана орныға бастады. Шіркеу қызметкерлері қуғындалып, дарға асылып, шіркеулер қиратылды. Нәтижесінде шіркеу қызметіне тыйым салынды. Екінші дүниежүзілік соғыстың басында Орта Азияда бір ғана шіркеу қалса, Қырғызстанда біреуі де қалмады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде мемлекеттің шіркеуге деген саясаты өзгере бастады. 1943 жылы Сталиннің митрополит Сергей және өзге де шіркеу қайраткерлерімен кездесуінен кейін ОПШ-ның жағдайы Кеңес Одағымен қатар Қырғызстанда да бірден жақсара бастады. Шіркеулердің, діни семинариялардың ашылуына рұқсат беріліп, діни қуғын-сүргін тоқтатылды. Қасиетті синод құрылып Мәскеу мен Бүкілресейлік патриарх сайланды [7, 95 б.]. Мемлекет халықтың патриоттық сезімін оятудағы діннің рөлінің қаншалықты күшті екенін көрді.

Алайда дінге деген оңды көзқарас ұзаққа созылмады. 1949 жылдан бастап мемлекеттік жарлықтар қабылданып, дінге қарсы саясат күшейтілді. 1960 жылдары Кеңес Одағында жаппай діни нысандар қиратылды [www.eparchy.kg].

3. Тәуелсіздіктен кейінгі жаңа кезең. Жетпіс жыл бой жүргізілген дінсіздік саясаты аз зардап әкелген жоқ. Бірақ халықтың санасы-

нан діни түсінікті толықтай жойып жібере алмады. Нәтижеде Кеңес Одағының күйреуімен діни құндылықтар қайта оралды. 1988 жылдан кейін Ресейде христиандықты қабылдаудың 1000 жылдығына орай жаңа өзгерістер пайда болды. Барлық жерде шіркеулер қайта қалпына келтіріліп, шіркеуге келушілердің саны арта бастады. Кеңестік диктатура күйреп, атеистік саясат тоқырауға ұшырап, адамдар рухани құндылықтарға қарай бет бұрды. Партия мен жоғары билік өкілдері ашық түрде дін қызметкерлерімен кездесе бастады. 1990 жылы М.С. Горбачевтің КСРО-ның жаңа «Арождан бостандығы және діни ұйымдар» заңын қабылдауы 70 жылдық дін мен мемлекет арасындағы текетірестікке нүкте қойды [14, 28 б.].

Егемендігін алған Кыргыз Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Діни сенім бостандығы және діни ұйымдар» туралы Заңын қабылдады [11]. Кыргыз елінде демократиялық даму бағытындағы реформалар нәтижесінде адам құқықтары мен діни еркіндікке жол ашылды. Осы кезден бастап ОПШ қызметі де қайта жандана бастады. 1991 жылы ОПШ-ның 25 шіркеуі мен приходтары қызмет жасауға кірісті. Ескі шіркеулер қайта жөндеуден өтумен қатар жаңалары да салынды.

Қазіргі таңда Кыргызстанда ОПШ-ның 46 шіркеуі мен приходтары жұмыс істейді. Бішкекте Воскресенский кафедральный собор территориясында православтық діни-басқару орталығының құрылысы жалғасуда. Православ дін басылары епархияның діни өмірінде оның рөлінің зор болатындығына сенуде. Қазірдің өзінде мұнда көптеген діни шаралар өткізіліп, жексенбілік мектептер жұмыс жасауда. Кыргыз елінің барлық аймақтарында шіркеулер құрылысы жүруде. Жергілікті әкімшілік оң көзқарас танытып қана қоймай көптеген шаруашылық мәселелерін шешуге қолғабыс етуде. 1996 жылы Қара балта қаласына жақын жерде Ташкент Свято-Никольский монастырінің жолаушылар түсетін үйі құрылды. Ал 1999 жылы ол дербес монастырь ретінде қалыптасты. Бұл қырғыз жеріндегі алғашқы әйелдер монастырі саналады [www.eparchy.kg]. Кыргызстанда қазіргі таңда ОПШ-ның 46 шіркеуі мен приходтары жұмыс жасауда. Оның 25 шіркеуі, 20 сыйыну үйі, 1 әйелдер монастырі [www.eparchy.kg].

Сонымен қатар ОПШ-дан бөлініп шыққан және олардың құрамына кірмейтін 2 қауым

бар: Бішкек қаласындағы Ескіғұрыпшылар мен Ескіправослав Поморлық Шіркеуі. ОПШ Мәскеу патриархатына қарасты Ортаазиялық және Бішкек Орыс православие шіркеуі епархиясы тарапынан басқарылады.

Ортаазиялық епархияның жоғары діни білім беру дәрежесі бар 5 жылдық білім беретін діни семинариясы жұмыс істейді. Ол Ташкент қаласында орналасқан. Бұл семинарияға оқушылар барлық Орта Азия елдерінен келеді. ОПШ-ның өз баспасөзі бар. 2002 жылдан бастап олар «Православный мир» деген газет шығарады [21, 101 б.].

Мемлекеттің ОПШ-ға деген ұстанымына Кыргыз елі мен Ресей арасындағы қатынастар тікелей әсер етуде. Тәуелсіздіктен кейін мемлекет Орыс халқы мен ОПШ-ға оң қабақ танытып, қоғамның діни тұтастығын қалыптастыратын негізгі бөлшек ретінде қараған. Ресеймен кез келген салада ортақ әрекет жасағысы келген қырғыз өкіметі орыстардың елде қалғанын қалаған. Мұны ел Президенті А. Ақаев 1994 жылғы ОПШ өкілдерімен кездесу барысында ашық түрде білдірген [10]. Дін істер комиссиясы да ОПШ-ның Кыргыз мемлекеттілігінің қалыптасуы, Кыргызстан халықтары арасындағы бірлік пен татулықты сақтау жолында үлкен рөл ойнайтындығын әрдайым тілге тиек етіп отырды [21, 103 б.].

Діни ұйымдардың барлығы заң алдында тең болғанымен ел өміріндегі белгілі бір діннің тарихи ролінің маңыздылығын мемлекет жоққа шығара алмайды. Сондықтан ҚР-да ислам дінінің өкілі ретінде ҚМДБ мен православиенің өкілі ОПШ маңызды орынға ие. Өзге діни ұйымдарға қарағанда мемлекет оларға оң қабақ танытып, құқықтық статус пен меншікке қатысты мәселелерде, түрлі діни іс-шаралар жасауда, бұқаралық ақпарат құралдарын қолдануда ерекше басымдық береді [8]. Жоғарғы кеңес депутаттары салық кодексіне (Дәстүрлі исламдық және православиелік) діни мекемелерді салықтан босатуға қатысты ұсыныстар да жасаған [22].

ОПШ (Орыс Православие Шіркеуі) соңғы кездерге дейін мемлекетпен тығыз қарым-қатынас жасап, жаңа діни ұйымдар мен секталарға қарсы тұру ұстанымын жақтаған. Мемлекет ОПШ-ны ислам дінімен қатар мемлекетті қалыптастыруда негізгі рөл ойнаған деп таныса, өз кезегінде ОПШ мемлекеттің бірінші кезекке ислам дінін қоюын табиғи және демократиялық көрініс деп есептеген. Мемлекеттің дәстүрлі ислам мен

ОПШ-ны өзге діни ұйымдардан жоғары қоюын өз мүдделері жолында тиімді қолданған осы екі конфессия өкілдері «жаңа діни ұйымдардың» қызметтеріне шектеу қоюды талап етіп, миссионерлерге қарсы тұра білу мақсатында көптеген ортақ шаралар өткізуде [16, 99-102 б.]. ҚМДБ (Қырғызстан мұсылмандары діни басқармасы) мен ОПШ-ның Қырғызстан президенті мен басшылығына «қоғамның бірлігі мен дін аралық татулыққа қауіп төндіретін секталарға ерекше назар аудару керектігін» тілге тиек еткен жолдаулары әр дайым баспасөзде жарияланып отырады.

Халықтың рухани мұрасына өзіндік үлесін қосқан сунниттік ислам мен ОПШ-ның заңмен бекітілуіне қатысты ұсыныстар қоғамда жиі көтерілуде. Сонымен қатар, көпшілік мамандар дәстүрлі мұсылмандық пен православ шіркеуінің қоғамда диалогтың орнауына себеп болып, экстремистер мен радикалдарға қарсы тұруға болатынын әрдайым күн тәртібіне қойып отырады. 2012 жылы 10 қазанда ел ішіндегі діни татулыққа сызат түсіргісі келіп жүрген кейбір әрекеттерге қарсы бірлесе отырып күресу білу үшін «Замандаш-Современник» партиясының ұйымдастыруымен «Ислам и православие – религия мира» атты конференция өтіп, ҚМДБ мен ОПШ басшылары қатысқан. Соңында резолюция қабылданып басшылыққа заңға Қырғызстан халқының өмірі мен мәдениетіне тарихи тұрғыдан үлес қосқан Ислам және православиенің құқықтық статусын белгілейтін өзгеріс жасау қажеттігі ұсынылған [26]. Алайда бұл ұсыныстар әлі заңдық тұрғыдан шешімін тапқан жоқ.

ОПШ-ның соңғы кездердегі структуралық өзгерістері мен сол өзгерістерге сай мемлекеттік тіркеуден өту әрекеті, осы ұйым мен Дін істері комиссиясының арасындағы қатынастардың өзгеруіне жол ашқан. Орталығы Москвада орналасқан ОПШ-ның Үлкен синодының 2011 жылғы 27 шілдедегі шешіміне орай, Ташкент және Орта Азия епархиясынан шығарылып, жаңа құрылған Орта Азия митрополиттік аймағына қосылған Бішкек және Қырғызстан епархиясы жергілікті діни ұйым ретінде тіркеуден өтуге Мемлекеттік дін істері комиссиясына арыз берген. Ал комиссия ҚР «діни сенім бостандығы мен діни ұйымдар туралы» Заңының 8-бабының 6-тармағына сілтеме жасай отырып, епархияның басқару орталығының шет елде жайғасқандығын және оны шет елдік азаматтың басқаратындығын алға тарта отырып,

бұл ұйымды тіркеуден бас тартқан [16, 172 б.]. Өз кезегінде ОПШ-да дін комиссиясының аталмыш шешіміне қарсылығын білдіріп, бұның дәстүрлі конфессияларға қатысты болмауы керектігін, қырғыз елінде ғасырлар бойы қалыптасқан ОПШ мен ислам арасындағы татулыққа сызат түсіретінін айтқан [12]. Әзірге бұл мәселенің қалай шешілетіндігі белгісіз. Әрине Ресеймен қатынастың бұзылуы экономикалық әрі саяси тұрғыдан қиын жағдайдағы Қырғызстан еліне тиімсіз екені белгілі. Сондықтан да бұл мәселе көп ұзамай оң шешімін табары сөзсіз. Мұны 2012 жылдың 24 ақпанында Қырғызстанның Президенті А.Ш. Атамбаевті қабылдаған Мәскеу және Бүкілресейлік патриархы Кирилдің кездесуі аңғартады. Қырғыз президенті елде ОПШ қызметінің дамуына мүдделі екенін ашық түрде білдірген [28].

Қалай дегенде де ОПШ қоғамда халықтың діни әрі рухани тұрғыдан дамуына өзіндік үлесін қосуда. Теледидар және радиоарналардан түрлі хабарлар жүргізіп, республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі конференцияларға қатыса отырып, қоғамда жалпыадамзаттық құндылықтардың дамуына ықпал жасауда. Сонымен қатар, ОПШ өкілдері көптеген кеңестер, комитеттер, қоғамдағы түрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге ат салысатын жұмысшы топтарына мүше болып табылады.

ОПШ-ның барлық шіркеулері мен приходтары қайырымдылық шараларымен белсенді түрде айналысады. Жалғызбасты, қараусыз жандарға түскі астар береді. Тұрмысы төмен отбасыларға да түрлі көмектер көрсетіледі. Бішкек қаласындағы балалар үйіне, есту қабілеті мен жүйке жүйесі бұзылған балабақшаларға, Ұлттық аурухананың екі бөлімшесіне, психиатриялық және балалар психиатрия ауруханаларына тұрақыт түрде көмек көрсетіледі. Бұл шаралардың барлығы халықты православ сенімінде ұстап қалуға бағытталған.

Алайда өзіндік проблемалары да жоқ емес. Мәселен протестанттардағы секілді міндетті салықтың түрі болмағандықтан шіркеуге келетін қаржының көлемі көп емес. Сонымен қатар орыс тілді азаматтардың елден көшіп кету құбылысы да ОПШ қауымдарына өз әсерін тигізуде. Әсіресе ауылдық шет аймақтарда көбіне кәрі адамдар қалғандықтан шіркеуде діни қызметті жүргізетін дін қызметкерлері де жетпейтін көрінеді.

ОПШ діни қызметкерлер Қырғызстанда діни білім алулары үшін православтық лицей мен

семинария ашуды жоспарлауда. Өйткені олар білім алу үшін не Өзбекстанға не Ресейге кетуге мәжбүр қалуда.

Қаражат тапшылығына байланысты православ жамағатының мәселелерінің барлығын шешуге қауқары жете бермейді. Алайда түрлі меценаттар, кейбір предприятия, орта және шағын бизнес өкілдері және ұлттық емес ұйымдар тарапынан көмектесетін жанашырлар да табылып жатады [21, 102-103 бб.].

Малтабаровтың айтуы бойынша православ шіркеуіне белсенді түрде келетін адамдардың саны 100 мың, ал айына бір рет келетіндердің саны одан бірнеше есе көп [19, 68 б.]. 2002 жылғы мәлімет бойынша елдегі православтардың саны 15 % пайыздыал, 2011 жылғы мәлімет бойынша 10 % құраған [30, 137 б.]. Әрине бұл сандар халықтың этникалық құрылымына қарай жалпылама берілген. Өйткені басқа дінге өтіп кетіп жатқан адамдардың санының нақты қанша екені белгісіз.

Батыстық миссионерлік ұйымдардың шоқындыру саясаты.

Орталық Азия елдеріндегі қазіргі таңда дін саласында алаңдатарлық басты мәселелердің бірі – өте қарқынды түрде жүргізіліп жатқан шоқындыру саясаты. Әсіресе бұл салада Кеңес Одағы құлағаннан кейін істеріне білек сыбана кіріскен протестанттық бағыттағы миссионерлердің белсенділігі жіті назар аударуды қажет етеді. 1991 жылы егемендігін алған Кыргызстан Республикасы дамудың демократиялық бағытын таңдап, ел азаматтарына еркін ойлау, дін және ар-ождан бостандығын таныды. Халықтың 80 пайызы мұсылман қырғыз елі тәуелсіздіктің алғашқы жылдары саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және рухани салада жаңа ізденістерге кірісті. Жетпіс жылдық Кеңес Одағының қыспағында тұрып атеистіктің дінсіздік саясатының зардабын тартқан өзге елдер секілді мұсылман қырғыз халқы да еркіндікке қол жеткізген соң дінге бетбұрыс жасады. Тәуелсіздіктен бұрын елде ислам діні мен православиялық христиандық бағыты ғана ресми түрде бар болса, тәуелсіздікпен бірге келген еркіндіктің нәтижесінде жоспарлы түрде батыс елдерінен ағылып келген миссионерлердің ашық майданына айналып шыға келді.

Егемендік орнап, діни еркіндіктің елге келуімен дәстүрлі діни түсінікпен қатар бұрын-соңды ел тарихында болмаған түрлі миссионерлік ұйымдар мен секталар пайда бол-

ды. Діни төзімділік және дінаралық татулық мәселесінде өздерін үлгі тұтарлық ел санаған, тіпті кейбір мамандар «Азияның Швецариясы» және Орталық азиядағы «демократия аралы» деп те атаған [17, 1 б.]. Кыргызстанда еркіндікті өз үделері жолында тиімді пайдалана білген христиан миссионерлері бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған түркі республикаларына, соның ішінде қырғыз еліне де ағылып келе бастады.

Кыргызстанда 90 жылдардың басында қырғыз елінде ресми түрде 2-ақ конфессия болса (ислам мен православиялық христиандық), 1996 жылғы мәліметтер бойынша миссионерлік қызметтерін жүргізетін ірілі-ұсақты ұйымдардың саны екі жүзден асқан. Ал, 2001-2002 жылдары олардың саны 1212-ге жеткен. Олардың 839-ы христиан дінінің түрлі бағыттарына тән. Бұл бағыттардың 1996 жылдан бастап артуына әсер еткен негізгі жәйт, сол жылы 14 қарашада діни ұйымдарды міндетті тіркеуден өткізу қажеттігіне қатысты шешімнің қабылдануы болып табылады. Осы жаңа заң талабы бойынша «Қандай топ немесе ұйым болсын 18 жасқа толған Кыргызстан азаматтарынан 10 кісі бірігіп діни ұйым құрған жағдайда, мемлекет оны тіркеуге алуға тиіс. Мемлекеттік тіркеуден өткеннен соң діни ұйым іс-әрекеттерін жүргізу құқық иеленеді». Мемлекет тарапынан жасалған осындай жеңілдікті ұтымды пайдаланған діни топтар бар болғаны он кісінің басын қосу арқылы өз іс-әрекеттерін заңдастырып алды. Осы діни ұйымдардың дені Америка, Германия, Англия, Франция және Корея секілді елдерден келген миссионерлік топтар болып табылады [20, 1 б.].

Қазіргі таңда католик миссионерлер көбіне неміс католик шіркеуі тарапынан, протестанттар да германиялық протестант шіркеулері тарапынан, баптистер мен өзге де протестант топтар Америкадағы шіркеулер тарапынан жіберілуде. Орталық Азияға христиандықты жаюға ең көп ықпал етіп жатқан орталықтардың бірі – Германия. Оның да негізгі себебі Орталық Азия елдерінде өмір сүретін немістердің көп болуы. Мысалы бір ғана Кыргыз елінде 1989 жылғы санақ бойынша немістердің саны 100 мың, 2001 жылдары шамамен 50 мың, ал 2009 жылы 9,5 мың қалған екен [2]. Кыргызстандағы неміс христиандары Кеңес Одағы әлі ыдырамаған 1988-1990 жылдар арасында Германияға жіберіліп, сол жердегі протестант мектептерінде білім алып, сол білімдерін жаю үшін елге қайта оралған. Бұл

миссионерлердің алдын-ала дайын отырғанын көрсетеді.

Егемендік алғаннан кейінгі 20 жыл ішінде жүргізілген шоқындыру саясаты нәтижесінде Қырғызстанда жаңа христиандар – қырғыз-прозелиттер, яғни протестанттық ағымға өтіп кеткен шоқынған мұсылман қырғыздар пайда болды. Қазіргі таңда Бішкек қаласында діни қызметтерін қырғыз, өзбек, дүнген тілінде өткізетін, тіпті жергілікті өкілдерден шыққан шіркеу басшылары бар діни топтар да жеткілікті.

Прозелитизм мәселесі алғашында қоғам тарапынан әр түрлі қабылданды. 90 жылдың соңына дейін қоғамда миссионерлік жайлы оң пікір қалыптасқан-ды. Өйткені ол қоғамның демократизациялануының мен діни сенім бостандығының заңды нәтижесі ретінде бағаланды әрі өтпелі кезеңдегі елдегі қиын жағдайда миссионерлер қоғамдағы тұрмысы наша адамдарға материалдық тұрғыдан көмектесті. Мемлекеттен үмітін үзген кейбір азаматтардың санасында да прозелитизм өмірін жақсы бағытқа қарай өзгерту деген түсінік қалыптасты. БАҚ-тарда бұл үрдісті қолдауға қатысты мәліметтер де жарияланды. Бертін келе прозелитизм өз ұлттық дәстүрлерін сату ретінде қарастырыла бастады. БАҚ-тарда бұл үрдістің жүргізіліп жатқан діни экспансия екендігіне қатысты мәліметтер көптеп жарияланды. 1994 жылы ҚМДБ басшысы Қымсанбай қажы мен ОПШ-ның басшысы Владимир Савицкий қоғамда жүріп жатқан протестанттыққа өту құбылысына алаңдап ҚР Өкіметіне дәстүрлі емес діндердің іс-әрекеттерін шектеуші өзгерістердің жасалуын ұсынды [13, 4 б.].

Мемлекет тарапынан қысым жасалғанына қарамастан протестанттық жамағаттың қатары азаюдың орнына, жергілікті ислам дінін ұстанатын (қазақ, қырғыз, өзбек т.б.) халықтардың арасында орын алып жатқан шоқынудың нәтижесінде күн өткен сайын арта түсуде. Кейбір мәліметтер бойынша Қырғызстанда протестанттардың 40 пайызын қырғыздар құрайтын көрінеді. Б. Мурзараимов қазіргі таңда христиан дініне өтіп кеткен қырғыздардың саны шамамен 10-17 мың арасында деп болжауда. Жоғарыда 2004-2006 жылдар аралығында христиандыққа өткен қырғыздардың санының 100 мыңға жеткендігі кейбір ақпарат көздерінде келтірілгенін айтып өткен едік. Бір протестант шіркеуінің дін қызметкері В. Кузин 2004 жылы жамағат санының 12 мыңға жеткенін, олардың 4,5 мыңының қырғыз екенін айтқан

[17, 5 б.]. Сонымен қатар түрік зерттеушісі Х. Айдар да қырғыз елінде жүргізілген кейбір сауалнаманың нәтижесінде бұл санның көп болуы ықтимал екендігін топшылаған [6, 235 б.]. Негізінен қырғыз елінде адамдар арасында діни ұстанымына қарай ресми түрде санақ жүргізілмегендіктен шоқынған қырғыздардың нақты санын кесіп айту тым қиын.

Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан Республикаларында ресми түрде тіркелген протестанттық бағыттағы христиан діни ұйымдардың саны православтардан әлдеқайда көп. Мысалы ҚР Мемлекеттік дін істер комиссиясының 2013 жылғы мәліметіне сүйенсек православтардың діни ұйымдары мен діни нысандарының саны небары 51 болса, бір ғана баптистердің санының өзі 49, жетінші күн адвентистері 31, елуіншілер (пятидесятники) 54, лютерандар 21, пресвитериандар 36, иегова куәгерлері 41 [5].

Қырғызстанның дін саласындағы белгілі сарапшы-мамандардың бірі Қ. Маликовтың айтуынша, шоқынған қырғыздардың шығуы жергілікті халық арасында конфессияаралық қатынастарда жаңа түйіткіл туындатты. Қырғыз халқын тегіс шоқындыруды мақсат қойған протестант миссионерлер өздерінің құрығына елдің болашағы жастарды түсіріп жатуы қоғамда үлкен алаңдатушылық туғызуда. Болашақта Ливандық фактор қалыптасуы мүмкін. Бұл ұзақ уақыт бойы жүріп жатыр, алайда оған мән берілмей келеді [18].

Жаңа діни ұйымдардың белсенділігі дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ұйымдардың қоғамда ықпалдарын арттыру мақсатында өзара күрестің артуына себеп болуда. Қаржылық мүмкіндіктерін пайдаланған миссионерлер бір жағынан бұқаралық ақпарат құралдарын, екінші жақтан қайырымдылық шараларын құрал ретінде пайдаланып жергілікті халықты өздеріне тартуда. Бір сөзбен айтқанда, халықтың санасы мен рухани өмірін жаулау жолында жанталас жүруде. Бұл өз кезегінде өзге дінге өткен прозелиттер арасында ғасырлар бойы жергілікті халықтың өмір салты мен менталитеті негізінде қалыптасқан мемлекеттен жырақтауға әкелуде. Осының негізінде жергілікті халықтың діни түсінігіне құрметсіздік пайда болуда. Мамандардың білдіргеніндей-ақ соңғы кездері прозелитизм мәселесі ұлттық болмысы мен салт-дәстүрлерін сақтап қалғысы келген жергілікті тұрғындар мен жаңа діни ұйым өкілдері арасында діни негіздегі қақтығыстардың

себебіне айналған. Мәселен, 1994-95 жылдарда Атбасы ауылында баптист кыргыздар мен мұсылман кыргыздар арасында бірнеше рет ұрыс-керіс орын алған. Сол секілді оқиғалар Нарын ауылында да орын алып, шоқынған кыргыздар соққыға жығылған. 1996 жылы Шу облысының Искра ауылында қайтыс болған баптист кыргызды жолдастары мұсылман зиратына көмгісі келген кезде, ауыл тұрғындары оларға рұқсат бермей, арада ұрыс-керіс орын алады. 2000 жылы Жалалабад қаласының Құрық көл ауылында шоқынған кыргыздарды ауыл халқы дарға асу керек деп шешім шығарып, қанды оқиғаға бастай жаздаған. Тәртіп сақшыларының араласуымен бұл оқиғаның алды алынған екен. Соңында ауыл халқы оларды көшіріп жіберген соң ғана тынышталған. Осы секілді оқиғалар елде өте жиі орын алуда. Әрине, христиан миссионерлері де қол қусырып қарап отырмай өз құқытарының қорғалуын талап, етіп елдегі құқық қорғау органдары мен халықаралық ұйымдарға шағымдануда [23, 31 б.]. Нәтижеде олардың талап-арыздары қанағаттандырылып, іс-шараларын жалғастыруларына мүмкіндік алу-да.

Дін саласында алаңдатушылық жағдайлардың күннен күнге артуы мемлекетті дін саласындағы саясатты күшейтуге итермеледі. Өкіметтің №324 қаулысымен 2006 жылы 6 мамырда «Қыргыз Республикасының дін саласындағы мемлекеттік концепциясы» қабылданды. 2006 жылдың 16 маусымында Бішкекте Орталық Азия елдерінің діни қызметкерлері мен сарапшылардың қатысуымен аймақтық конференция өтті. Сол конференцияда ҚР-ның мемлекеттік хатшысы дін саласындағы заңды қатаңдату қажеттігін ашып айтты [14, 39 б.]. Нәтижеде 2008 жылы жаңа «Қыргызстан Республикасындағы діни сенім бостандығы мен діни ұйымдар туралы» Заңы бойынша діни ұйымдарға қатысты ұстанымдар күшейтілді. Қоғамдық орындарда, үйлерді, балабақша, мектептер мен университеттерді аралап діни мазмұндағы кітаптар, видео-аудио материалдар таратуға тыйым салынды. Тек жергілікті мемлекеттік әкімшіліктер бекіткен жерлерде ғана рұқсат берілді. Осы жаңа Заңға сәйкес діни ұйымдар міндетті тіркеуден өтуі (10-бап); діни ілімдерінің негіздері мен соған сай жасалатын істері жайлы мәлімет беруі (10-баптың 2-тармағы); ҚР-на діни мақсатпен келген шет елдік азаматтар (миссионерлер) міндетті түрде тіркеуге тұруы тиіс (12-бап); діни оқу орында-

ры да есептік тіркеуге алынады (13-бап); діни ұйымдарға қаржылық бақылау жасалады (26-бап); діни экспертиза құрылады (10-баптың 3-тармағы). Бұрын діни ұйым ретінде тіркеуден өту үшін 10 кісі жеткілікті саналса, жаңа Заңда олардың саны 200-ге шығарылған [8].

Қыргызстандағы миссионерлер тек қана дінді жаюмен шектелмей қоғамның барлық салаларына тереңдеп кіруге тырысуда. Олардың өкіметке де белгілі бір деңгейде әсер ете алатын жағдайға келгендігін де атап өту қажет. Жоғарыда айтып өткеніміздей олар түрлі сенімге ие болғандарына қарамастан, кыргыз елінде ықпалдылықтарын арттыра білу үшін бір мақсатта бірлесіп, 2001 жылы Бішкекте бір кеңес өткізіп, конфедерация құрған. Осы топтар діни емес өзге де Ашық қоғам миссионерлік топтардың ықпалымен саяси талаптар алға тарта алатын ұымдарға айналып үлгерген. Сарапшы-маман К.Маликов миссионерлердің ел ішінде қаншалықты деңгейге көтерілгенін «Регнум» Ақпараттық агенттігіне берген сұхбатында: «... Иә, Қыргызстанда саяси исламның бар екені рас. Алайда саяси мақсатты христиан топтар да бар әрі олар Қыргызыстанның ішкі саясатына ықпал етуге ынталы. Олардың құрған ұйымдары да бар және олар кедей емес әрі мықты байланыстары да жетерлік.» деп көрсеткен [3]. Қыргызыстанда тез өсіп келе жатқан протестанттық бағыттағы Жетінші күн адвентистерінің парламентке сайлау барысында өз қызметтеріне қуғын салмауға уәде берген үміткерлерді қолдағандықтары да олардың саясатқа араласа бастағанын көрсетеді [15].

Қазіргі таңдағы христиандандыруға назар аударған кезде жеке тұлға ретінде өз діни сенімін ұстанатын адам емес, жүйелі түрде ұйымдасқан діни ұйымдар алдымызға шығады. Миссионерліктің тарихы көптеген елдердікінен тым әріде жатыр. Экономикалық мүмкіншіліктері мен халықаралық қатынастардағы ықпалы көптеген ұсақ елдерден озық тұрады. Олар тек дінді жаюмен емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік салаларда да стратегиялық хәм жүйелі түрде жұмыс жүргізуде. Бір жақтан мемлекет миссионерлік шаралардың алдын-алуға тырысқанымен экономикалық жағдай мен мүмкіндіктер тең емес. Миссионерлердің арқасында үлкен халықаралық күштер мен мемлекеттер бар екені белгілі.

Миссионерлікке қатысты түрік зерттеушісі М. Ердемнің мына пікірі де құлақ асуға

тұрарлық: «Христиан әлемі өз араларында түрлі проблемалар мен теологиялық қайшылықтарының барлығына қарамастан, о бастан бері Інжілдің өсиеттерін адамдарға жеткізуге, оларды діни, экономикалық әрі саяси платформада өз мақсаттарына сай ықпал ете білу үшін ұзақ тарихи кезеңде түрлі жолдарды сынап көрген. Осы жолдар кей кезеңдерде соғыстан миссионерлікке, миссионерліктен диалогқа қарай бағыт алса, оның алдымыздағы жылдары алғашқы кезеңіне қайта оралмасына ешкім кепілдік бере алмайды. Бұған көз жеткізу үшін ұзақ жылдар күтудің де қажеті жоқ. Өйткені христиан әлемінің қолындағы экономикалық және технологиялық басымдықтарын әуелі мұсылмандарға қарсы, одан кейін өздерінен емес қоғамдарға қарсы қалай қолданып отырғаны көз алдымызда. Христиандардың ортаға тастаған жаңа пікірлерінің астарында сұм жоспарлардың бар екендігі немесе мүмкін екендігі тарихи тәжірибе арқылы адамзаттың көзі жеткен ақиқат болса керек. Сондықтан ислам әлемінің және Кеңестер Одағынан егемендігін алып шыққан Түркі республикаларының өз аймақтарындағы христиандық іс-әрекеттерге ерекше мән берулері діни, ұлттық және мәдениетінің болашағы үшін аса маңызды болып табылады [9, 28 б.].

Профессор С. Хизметли де осы ойды қуаттайды. Ол миссионерліктің барлық адамзатты қамтитын екі сатылы жобаның жемісі екенін айтады. Біріншісі – діни. Өзін христиан дінін таратуға арнаған миссионерлер бұл іс үшін жандарын беруге дайын. Екіншісі – саяси. Миссионерлік отралау саясатының бір бөлігі және оның түпкі мақсаты «христиандық орталық және саяси басқару тәртібін орнату». Осы бағытта миссионерлікті қолдап отырған мемлекеттер христиандықты өздеріне құрал ретінде қолдануда. Әйтпесе, өз елдерінде діни ахуалға әсер ете алмаған бұл ұйымдардың мақсатын басқаша түсіндіру мүмкін емес [29, 162 б.].

Миссионерлік нәтижесінде туындаған христиандану үрдісінің ел бірлігіне қаншалықты қауіпті екеніне Африка және Оңтүстік Кореяның жағдайы жақсы үлгі бола алады. Мәселен, 1900 жылдардың басында Африка халқының 7% христиандықты қабылдаса, 100 жылдың ішінде бұл көрсеткіш 55 % жеткен. Папуа-Жаңа Гвинея секілді елдерде бұл көрсеткіш 11-ден 95 % жеткен [1]. Ал Оңтүстік Кореяда XX ғасырдың екінші жартысында протестанттардың евангелизациялау саясатының нәтижесінде сан ғасырлар бойы

буддизм мен дәстүрлі культтерді ұстанып келген кәріс халқының 30 пайызы христиандыққа өтіп кеткен [31].

Осы ретте Католик шіркеуінің папасы П Иоанн Павел қазіргі таңдағы миссионерліктің бағытын: «Бірінші мыңжылдықта Европаны христиандандырдық. Екінші мыңжылдықта Америка мен Африканы христиандандырдық. Ал үшінші мыңжылдықта Азияны христиандандыруымыз қажет» [4, 179 б.] деп белгілеп берген еді. Миссионерлік жайлы сөз қозғағанда осы мәселені ешқашан қаперден шығармаған жөн.

Қорытындылай келе, былай деуге болады. Орта Азия және Қырғызстан территориясына бірінші таралу тарихы I ғасырға дейін барып тірелетін христиандық қазіргі күнге дейін түрлі кезеңдерді басынан өткерді. Ал тікелей Орыс православ шіркеуінің Қырғызстанға орнығуы XIX ғасырда қырғыз халқының Ресейге өз еркімен қосылуынан кейін алғышында казак пикеттері құрамындағы шіркеулер төңірегінде қалыптасып, одан кейін 60-80 жылдары Ресейден көптеген шаруалардың қоныс аударуымен тікелей байланысты дамыды. Тарихи құжаттар осы кезеңде Түркістан аймағында православтық шіркеудің басты рөл ойнамағанын көрсетеді. Мұсылман халықтың аймақта көп болуы және мемлекеттің қажетті деңгейде шіркеуге көңіл бөлмеуі нәтижесінде православие мемлекеттік деңгейге көтеріле алмады. Ал қазан төңкерісінен кейін атиестік идеологияны ұстанған Кеңестік саясаттың салдарынан тек православтық христиандық емес кез келген діни түсінік пен құндылықтардың тамырына балта шабылды.

Православиенің қайта жандануы тәуелсіздікпен бірге басталып, Ресей өкіметінің шіркеуге қатысты ұстанымына сәйкес дамыды. Қырғыз өкіметі Ресеймен тарихи, саяси әрі діни байланыстарын үзбеу сонымен қатар ел бірлігіне қауіп төндіретін түрлі діни радикалды топтар мен ұйымдарға қарсы күресте ОПШ-ны маңызды күш ретінде қолдануға тырысуда. Өкінішке орай, миссионерлік ұйымдардың түпкі мақсаттары мен жоспарларын жақсы білмегендіктен мемлекет оларға қатысты ұстанымның қандай бағытта болу қажеттігін әлі толық айқындамаған секілді. Мемлекет қанша қысым жасап, заңдарды өзгерткенімен миссионерлік әрекеттерге тосқауыл бола алмауда. Демократиялық күштерді арқасына алған миссионерлер кез келген жол мен тәсілдерді пайдалана отырып, өз жұмыстарын қарқынды түрде жүргізуде. Мемлекеттің үлкен

қолдауына қарамастан, православ шіркеуінің белсенді түрде миссионерлікпен айналыспауы мен қаражат тапшылығы, алпауыт күштерді арқасына алған батыс миссионерлерінің қырқынды түрде жүргізіп жатқан миссионерлік әрекеттеріне қарсы шарасыз қалдыруда. Сонымен қатар славян халықтарының елден көшіп кетуі нәтижесінде дәстүрлі православтық

түсінікті ұстанатын жамағаттың ұдайы азаюына себеп болуда. Егемендігін алған Кыргызстан республикасында қазіргі таңда түрлі бағыттағы діни экспансияның жүріп жатқаны айқын. Әсіресе протестанттық бағыттағы шоқындыру саясатының қарқыны өте жоғары. Бұлай кете берсе елдің діни бірлігі мен тұтастығына қауіп төндіреміз сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 <http://www.akbashat.kg/25-7.php>
- 2 http://www.inosmi.ru/middle_asia
- 3 Kırgızistan'da Her Geçen Gün Artan Misyoner Faaliyetler. 14.10.2011 <http://www.usgam.com/tr>
- 4 Küçüköğlü, B., 2003. Türk Dünyasında Misyoner Faaliyetleri. İstanbul.
- 5 www.religion.gov.kg
- 6 Аудар Н. Кыргызстан'da диндарлаша. – Бишкек, 2009.
- 7 Алимova К.Т. Деятельность православной церкви в Кыргызстане в условиях независимости. – Отан тарихы, 2010. – 3.
- 8 Галкина Н.М., В.А. Школьный. Религиозная ситуация в Кыргызской Республике в настоящее время. 17.02.2012 <http://www.ia-centr.ru/expert/12682/>
- 9 Erdem M., 1999. Misyonerlik ve Kırgızistan'da misyonerlik faaliyetler. Dini Araştırmalar Dergisi, Ankara, ocak-nisan, 1.
- 10 Жаны храмды ынтымак улайт. – Кыргыз туусу. – 10 июнь 1994.
- 11 Закон «О свободе вероисповедания и о религиозных организациях» от 16 декабря 1991 г. № 656-ХІІ, 1993. Законы и постановления, принятые Восьмой сессией Верховного Совета двенадцатого созыва. – Ч. 1. – Бишкек, 1993.
- 12 Звянгичев И. Ислам и Православие: диалог, взаимодействие и взаимозащита. 09.11.2012 <http://polit.kg/conference/1/153>
- 13 Кимсанбай ажы, отец Владимир Савицкий. К Правительству Кыргызской Республик. Секты – угроза миру. Обращение руководства мусульманского духовенства и благочинного Русской Православной Церкви Кыргызстана. – Слово Кыргызстана, 1 қазан 1994. – Б. 4.
- 14 Курбанова Н. Ислам в общественно-политической жизни Кыргызстана. – Бишкек, 2009.
- 15 Кыргызстан: Религия начинает играть важную роль в кампании по выборам в парламент. 25.02.2005 <http://russian.eurasianet.org>
- 16 Mırzabayev M. Kırgızistanda Din-Devlet İlişkileri. Ankara Ü.S.B.E. doktora tezi. – Ankara, 2009.
- 17 Murzaraimov B. 2006. Kırgızistan'da Misyonerlik Faaliyetleri//Akademik Bakış, Uluslararası Hakemli Sosyal Bilimler E-dergisi, 10, Eylül <http://www.akademikbakis.org/pdfs/10/misyonerlik.pdf>
- 18 Маликов К. Роль религиозного фактора в Кыргызстане. Основные выводы и тенденции, Тазар интернет басылымына арналған арнайы сұхбат. 06.07.2007 <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1184131620>
- 19 Малтабаров Б.А. Религия и социально-политические процессы в Кыргызстане. – Бишкек, 2002.
- 20 Мамаюсупов, О.Ш. Справочник. Дін комиссиясы журналы. – Бишкек, 1996, 11.
- 21 Мамаюсупов, О.Ш. Вопросы (проблемы) религии на переходном периоде (Научный доклад Председателя Государственной комиссии при Правительстве Кыргызской Республики по делам религий). – Бишкек, 2003.
- 22 Мечети, медресе и православные церкви в Кыргызстане, возможно, будут освобождены от земельного налога. 11 сент. 2011 <http://eurasia.org.ru/>
- 23 Мурзахалилов К. Проблемы прозелитизма в Кыргызстане. Центральная Азия и Кавказ, 1 (31). 2004. <http://www.sa-c.org/journal>
- 24 Носова Е.В. История взаимоотношений государства и Русской Православной Церкви в Кыргызстане (конец XIX – середина XX вв.). Специальность 07.00.02 – Отечественная история. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Бишкек, 2006.
- 25 Озмитель Е.Е. История православной культуры Киргизии (середина XIX века – 1917 год). Автореферат диссертации доктора исторических наук. – Бишкек, 2011.
- 26 Партия «Замандаш-Современник»: Ислам и православие – религии мира. 10 окт. 2012 <http://www.knews.kg/>
- 27 Питиримов, Д. История христианства в Средней Азии. – Ташкент, 2007.
- 28 Состоялась встреча Святейшего Патриарха Кирилла с Президентом Киргизии А.Ш. Атамбаевым. Пресс-служба Патриарха Московского и всея Руси. 24.02.2012 <http://www.patriarchia.ru/db/text>

- 29 Хизметли С. Орта Азия Түрік республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік. – Алматы, 2006.
 30 Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы / под общ. ред. К.Л. Сыроежкина. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011.
 31 Центральная Азия через 100 лет: после «Большой трансформации». 14.08.2013 http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=2226#top

References

- 1 <http://www.akbashat.kg/25-7.php>
- 2 http://www.inosmi.ru/middle_asia
- 3 Kırgızistan'da Her GeçenGünArtanMisyonerFaaliyetler.14.10.2011<http://www.usgam.com/tr>
- 4 Küçüköğlı, B., 2003. Türk Dünyasında Misyoner Faaliyetleri. İstanbul.
- 5 www.religion.gov.kg
- 6 Aydar, H., 2009. Kırgızistan'da dindarlaşma. Bıřkek.
- 7 Alimova, KT, 2010 Activity pravoslavnoy church in Kyrgyzystane in independence. Otan tarikhı 3.
- 8 Galkina NM, VA School. The religious situation in the Kyrgyz Republic at the moment. 17.02.2012 <http://www.ia-centr.ru/expert/12682/>
- 9 Erdem, M., 1999. Misyonerlik ve Kırgızistan'da misyonerlik faaliyetler. Dini Arařtırmalar Dergisi, Ankara, ocak-nisan, 1. any hramdy Yntymak ulayt, 1994 Kyrgyz Tuusu. June
- 10 10 Jany hramdy Yntymak ulayt, 1994 Kyrgyz Tuusu. June 10.
- 11 Law «On Freedom of Conscience and Religious Organizations» dated 16 December 1991 № 656-XII, 1993. Laws and regulations adopted by the Eighth Session of the Supreme Council of the twelfth convocation. Part 1, Bıřkek.
- 12 Zvyangitsev, I., Islam and Orthodoxy: dialogue, cooperation and mutual protection. 09.11.2012 <http://polit.kg/conference/1/153>
- 13 Kimsanbaev aji, Father Vladimir Savitsky. To the Government of the Kyrgyz Respublikik. Sect - a threat to peace. Handling rukavodstva Muslim clergy and the Dean of the Russian Orthodox Church in Kyrgyzstan, 1994 Word of Kyrgyzstan, 1 kazan b
- 14 Kurbanov, N., 2009 Islam in public and political life of Kyrgyzstan. Bıřkek.
- 15 Kyrgyzstan: Religion begins to play an important role in the campaign for elections to the parliament. 25.02.2005 <http://russian.eurasianet.org>
- 16 Mırzabayev, M., 2009. Kırgızistanda Din-Devlet İliřkileri. Ankara Ü.S.B.E. doktora tezi. Ankara.
- 17 Murzaraimov, B., 2006. Kırgızistan'da Misyonerlik Faaliyetleri//Akademik Bakıř, Uluslararası Hakemli Sosyal Bilimler E-dergisi, 10, Eylül <http://www.akademikbakis.org/pdfs/10/misyonerlik.pdf>
- 18 Malikov, K. The role of religion in Kyrgyzstan. Main findings and trends, internet Tazar basylymyrna arnalran anayy sıřbat. 06.07.2007 <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1184131620>
- 19 Maltabar, BA, 2002, Religion and the socio-political processes in Kyrgyzstan. Bıřkek.
- 20 Mamayusupov, O.SH., 1996 Handbook. Din komissiyasy magazines Bıřkek 11.
- 21 Mamayusupov, O.Sh., 2003 Questions (problems) of religion in the transition period (Scientific report of the Chairman of the State Commission under the Government of the Kyrgyz Republic for Religious Affairs). Bıřkek.,
- 22 Mosques, madrassas and the Orthodox Church in Kyrgyzstan may be exempt from land tax. Sep 11. 2011 <http://eurasia.org.ru/>
- 23 Murzakhailov, K., 2004 Problems of proselytizing in Kyrgyzstan. Central Asia and the Caucasus, 1 (31). <http://www.ca-c.org/journal>
- 24 Nosov, E., 2006, History of relations between the state and the Russian Orthodox Church in Kyrgyzstan (end of XIX - the middle of the XX century.). Occupation 07.00.02 - Domestic history. Abstract of the thesis for the degree of candidate of historical sciences. Bıřkek.
- 25 Ozmitel, EE, 2011 History of Orthodox Culture of Kyrgyzstan (the middle of the XIX century - 1917). Aftoreferat dissertation of the doctor of historical sciences. Bıřkek
- 26 Game «Zamandash-Contemporary»: Islam and Orthodox Christianity - a religion of peace. October 10. 2012 <http://www.knews.kg/>
- 27 Pitirimov, D., 2007, History of Christianity in Central Asia. Tashkent.
- 28 A meeting of Patriarch Kirill with President of Kyrgyzstan AS Atambayev. Press office of Patriarch of Moscow and All Russia. 24.02.2012 <http://www.patriarchia.ru/db/text>
- 29 Hizmetli, S., 2006, Oрта Азия Түрік республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік. Алматы. Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы, 2011. Под общ. Ред. К.Л. Сыроежкина. Алматы: КИСИ при Президенте РК.
- 30 Central Asia Today: Challenges and Threats, 2011 under Society. Ed. KL Syraezhkin. Алматы: KISR under the President.
- 31 Central Asia through 100 years after the «Great Transformation». 14.08.2013 http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=2226#top